

Қ.Ж.Ағанина¹, С.Т.Ыбышова²

¹Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті;

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, Алматы

САЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Статья посвящена проблеме формирования налоговой культуры. Цивилизованные налоговые отношения и налоговая культура всех членов общества — основной признак цивилизованного общества. В этой связи повышается интерес к вопросам формирования налоговой культуры, научно-исторические предпосылки формирования которой имеют глубокое и древнее начало. Авторы анализируют исследования проблем налоговой культуры великими учеными и просветителями.

Article is devoted to a problem of formation of tax culture. Civilized tax relations and tax culture of all members of a society is the basic sign of a civilised society. Thereupon the interest to questions of formation of tax culture raises. Scientifically-historical preconditions of formation of tax culture have the deep and ancient beginning. In article the examples of research of problems of tax culture by great scientists and educators is resulted.

Қазіргі еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жастардың жоғарғы деңгейдегі экономикалық мәдениетін талап етуде. Осыған орай экономикалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде салық мәдениетін қалыптастыру кезек күттірмес мәселеге айналуға, ол арнайы құжаттарда да белгіленген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында «заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады» деп көрсетілген.

Салық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің зерттелуін тарихи деректерінен бастасақ, сонау Әмір Темір (1333) басқа деректерде (1336) заманынан бастауға болады. «Темір жарғысының» маңызды элементі — экономикалық мәселелер. Ол негізінде объективті көрсеткіші бар салық салу жүйесін жасап шығарды.

Темірдің салық жинау принципі: ауқатты салық төлеуші мемлекетті байытады деген. Сондықтан да ол жер өңдеу ісіне, кедейленген жер иесіне қатты көңіл бөлді, жер өңдейтін құрал-саймандар бөлді, арықтың, жолдың дұрыс күйде болуын қадағалады, көпірлер, керуен сарайлары салынды, саяхатшылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Демек, сонау заманнан бастап, салық жүйесінің қалыптасуына негіз салынған [1].

Салықтар — бұл ертеде пайда болған, мемлекетпен алынатын міндетті төлемдер. Салық мәселесі мен салық салудың бай тарихы бар. Салыққа ғылыми көзқарас XVII–XIX ғасырларда пайда болды. Оған дәлелді теориялық экономия классикалық мектебі ағылшын өкілдері еңбегінен табамыз: В.Петти «Салық пен жиынтық трактаты» (1662), Д.Рикардо «Салық салу және саяси экономияның басталуы» (1817), А.Смит «Халықтар байлығының себептері мен табиғатын зерттеу» (1776) [2].

А.Смиттің айтуы бойынша, салықты төлеушілер үшін бұл құлдық емес, еркіндіктің белгісі. Ф.Аквинский (1226–1274) салықтарды рұқсат етілген тонау нышаны ретінде анықтады.

К.Маркс: «Салық — бұл меншік, жанұя, тәртіп және дінмен қатар жүретін бесінші құдай», — деп анықтады.

АҚШ-тың мемлекеттік қайраткері және ғалымы Бенджамин Франклин (1706–1790) «бұл өмірде ешқандай нәрсеге толық сенімді болуға болмайды, тек өлім мен салықтан басқа құтылатын ештеңе жоқ» деп айтты.

Шарль Монтескье (1689–1755) ризықтың қанша бөлетін бодандардан тартып алып, қаншасын солардың сыбағасы етіп қалдырудың амалын табатын данышпандық пен ақылгөйліктен асатын ештеңе жоғын толық сеніммен негіздеген.

Өркениеттің одан әрі қауіпсіз және тұрақты даму үрдісінің перспективалы бағытына білімге негізделген даму жатады. Яғни әлемнің түкпір-түкпіріндегі және жеке елдердің дамудың тарихи тәжірибесі мен ерекшеліктерін көрсететін жеке әрі жалпы жаһандық білімнің үнемді, ұтымды дамуы мен тиімді пайдаланылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Өзінің тәуелсіздігін және дербестігін алған кез келген мемлекетке тұрақты, әрі күшті қаржылық база қажет. Яғни дербес мемлекет болған және белсенді түрде нарықтық экономикаға өту кезінде салық мәдениеті елеулі орын алады.

Экономикалық білім беруде жоғары сынып білім алушыларының салық мәдениетін қалыптастыруда «салық», «салық жүйесі», «салық кодексі», «салық салу», «салықтық бақылау» т.б. ұғымдарды білу қажет.

Салықтар — экономикадағы ең қарама-қайшылықты сұрақтардың бірі. «Сіз және сіздің жанұяңыз қандай негізгі салықтар төлейді?», «Үкімет неге салықтар жинайды?», «Салықтарды кімдер төлеуі керек?». Біздің барлығымыз қазіргі қоғам үкімет салықтарсыз ештеңе істей алмайтындығын толық түсінгенімізбен, оларды төлегіміз келмейді. Алайда, жоғарыда Бенджамин Франклин айтқандай, біз олардан ешқайда қашып құтыла алмаймыз [2].

Жастарға экономикалық білім мен тәрбие берудің мәнділігі Қазақстанда социалистік құрылыстың алғашқы жылдарында-ақ мойындалған болатын.

Заман талабы Қазақстандағы экономикалық факторлардың өркендеуіне байланысты экономикалық білім мен тәрбие беру үрдісі кең көлемде зерттеліп келеді.

Заманында Әбу-Насыр әл-Фараби адамның практикалық іс-әрекетіне үлкен мән бере отырып, таза еңбектің рөлі мен мазмұнына, тек еңбек қана адамды жануарлар дүниесімен бөліп, оқшау шығаратынын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Адамзат қоғамның өмір сүруіне керекті ең басты жағдай оның материалдық тұтыну қажеттері дегенді бірінші орынға қоя отырып, осынау маңызды проблемалар төңірегіндегі теріс көзқарастарды үзілді-кесілді жоққа шығарды. Сол арқылы қоғамның мән-мағынасын ашуда ілгері қадам жасады.

Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әрбір қоғам кезіндегі (феодализм, капитализм) әлеуметтік мәнін ашып, экономика, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің мәселесін қарастырды.

Халқымыздың ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаевтардың еңбектерінде де көрініс тапқан.

Оқушылардың экономикалық тәрбие мәселесіне арналған бірқатар жұмыстарда еңбекке оң көзқарас пен қоғамдық меншікке ұқыптылық арасындағы байланысты қалыптастыру қарастырылды.

Абай өзінің халқына, келер ұрпағына өшпес әдеби мұра қалдырды. Ол жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ұждан қай дәуірде болмасын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз-нысаны екені даусыз. Абай жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-экономикалық есебіне ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне жаратуға үндеді. Мақтан үшін артық дүние-мүлікке қызықпай, не болмаса қолпашсөзге қарық болып, қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Үй болған соң, еткен еңбегіне сай жиналған қаражат-қорының болуын мұқият тапсырды. Жастар — өз бақытының қожасы, мұны берік дәстүрге айландыру өз қолында екеніне сенді, жұбайлық өмірді алдын ала даярлықпен бастауына үлкен мән берді. Жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге үндеді [3].

Заң ғылымдарының кандидаты Сәкен Өзбекұлының «Нарықтық қатынастар туралы ойлар» деген мақаласында Абайдың нарықтық көзқарастары біршама дұрыс та жан-жақты сараланғандығын көруге болады. Атап айтқанда, ғалым мақаласында былай дейді: «... Абай өз заманының талаптарынан көп алға кетіп, көргендік пікірлермен қазіргі нарықтық қатынастар, бизнесті ұйымдастыру, еркін кәсіпкерлік, капиталдың алғашқы кезеңінде қалыптасуы, меншік құқын иелену, пайдалану, билеу сияқты мәселелерге сол кездің өзінде-ақ жауап іздеген». Абайдың өз дәуірінде айтқан пікірлері бүгінгі заманның талаптарымен ұштасып жатқанын анық аңғарамыз [4].

Ал Абай Құнанбаев еңбектеріне талдау жасап, Қазақстандағы экономикалық ой-пікірлердің дамуын зерттеген экономика ғылымдарының докторы, профессор Дүйсенхан Қабдиевтің еңбектерінен аңғарамыз.

«Абай Құнанбаев өзінің творчестволық еңбектерінде көптеген экономикалық мәселелерді көтеріп, оны ағартушылық және демократиялық көзқараспен шешіп отырған. Көшпелі халқымыздың шаруашылығын жақсы білетін ол Қазақстанның экономикалық даму болашағы құнды пікірлер айтқан. Бұл пікірлері тарихи жағынан оқшаулау болғанымен, қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық пікірлерінің оянуына үлкен үлес қосқан» [3].

Ш.Уәлихановтың еңбектері көп салалы. Ол аса дарынды ғалым ретінде тарих, этнография, география, заң, философия салаларына ғана емес, экономика ғылымына да үлкен үлес қосқаны мәлім. Оның күллі еңбектерінің темірқазығы — қоғамның шаруашылық-экономикалық проблемаларына

арналған зерттеулері. Бұған «Қазақтардың қонысы туралы», «Мал шаруашылығы — халық байлығы», «Өнеркәсіп және сауда», «Өнеркәсіп және ақша системасы» сияқты еңбектері жатады.

Шоқан еңбектерінде өнеркәсіп пен сауда мәселелеріне де елеулі орын берілген. Шаруашылық феодалдық-отаршылдық шырмауында болуының салдарынан Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда өнеркәсіп өте баяу дамығаны мәлім. Патша өкіметі өнеркәсіптің өркендеуіне әдейі кедергі келтіріп отырды. Бұл енді Ресейдің қосымша шикізат базасы деп есептеді. Қазақ халқының экономикалық жағынан дамуы Шоқанның негізгі арманы болды, бірақ ол арманы тек біздің заманымызда ғана жүзеге аса бастады.

Шоқан еңбектерінде патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген экономикалық саясатына айтылған құнды сын пікірлер де кездеседі.

XIX ғасырдың орта кезінде әр жүздің қазақтары Ресейге әр түрлі салықтар төлеп келді. Мысалы, кіші жүздіктер жыл сайын түндік басына 1 сом 50 тиыннан күміс ақша есебімен үй салығы төлесе, ал орта жүздіктер әр жүз мал басынан бір мал төлеп отырды. Ал кейбір жерлерде көлік беру салығын деген түрлері де болды. Бұл салықтардың түрімен бірге салмағы да ауырлай түсті. Мысалы, 1822 жылы «Сібір қазақтарының уставы» бойынша салық жоғарылап, әр жылқыдан 18 сом, сиырдан 8 сом, қой-ешкіден 1 сом күміс жиналатын болған [5].

Ғалым Шоқан өзінің салық туралы мақалаларында мұндай жайлардың заңсыз екенін дәлелдейді. Әсіресе ешбір заңға сыймайтын «көлік міну салығына» қарсы шыққан. «Қазақтардың көлік міну салығында ешқандай тәртіп болмайтын», — деп көрсетті ол. Шенеуніктердің көпшілігі қазірдің өзінде бір сапар үстінде 40–60 жылқы алады және иелеріне ештеңе төлемейді. Кейбір жалға алған аттарды қайтармай кетуі де жиі кездеседі». Патша шенеуніктерінің осындай бассыздық пиғылдарын көрсете келіп, Шоқан өкімет орындарынан олардың жолсыздық істерін қатаң жазалауды талап етеді.

Қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсарин мектепте берілетін экономикалық тәрбие мен дағдыны халыққа пайда келтіру тұрғысынан бағалады. Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірін мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, еңбекпен айналысуға үндеді. Оқу-ағарту ісіне Ыбырай енгізген жаңалық қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін көтере білді. Ол қазақ халқының шаруашылық-экономикалық дамуына қажетті мамандар даярлау ісіне ерекше мән берді: колонер, ауыл шаруашылығы училищелерін ұйымдастырды.

Қазіргі уақытта Ы.Алтынсарин еңбектерінің, идеяларының оқушыларға экономикалық білім беруде маңызы зор. Ол еңбектерінде жастарды сабырлыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке үйрете отырып, тәрбиелеуді мақсат еткенін көреміз.

Ы.Алтынсариннің көлемі шағын әңгімелерінде еңбек, байлық, кәсіпкерлікті үйрену, баюдың жолдары нақты мысалмен түсінікті жазылған. Оның «Малды пайдаға жарату», «Дүние қалай етсең табылады», «Білімнің пайдасы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Жомарт», «Сараңдық пен жинақылық» деген т.б. әлеуметтік-экономикалық тәрбиесі зор шығармалар болып табылады [6].

Әлемдегі көптеген экономист-ғалымдардың еңбектерінде салық тақырыбы, оның маңыздылығы, қоғамның дамуындағы рөлі, экономикадағы алатын орны кең және терең зерттелген. Нарықтық қатынастары дамыған елдерде салықтар экономика мен әлеуметтік хал-ахуалын тұрақты дамытудағы реттеушілік қасиеттері бюджеттік қатынастар мүмкіншілігіне тікелей басқару әдістері ретінде қолданылады.

Салық ауыртпалығын жеңілдетуді жүргізу әр түрлі меншіктегі экономиканың өсу мүмкіндігін туғызу болса, көлеңкелі экономиканың қысқарып, болашақтағы экономиканың өсімі — негізгі бюджеттік кірістердегі салық түсімдерін молайту.

Демократиялық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі болып қоғамда өркениетті салықтық қатынастар мен халықтың барлық топтарының салықтық мәдениетінің бар болып саналатындығы баршаға мәлім. Қабылданған салықтық құқықтық заңдардың іске асырылуы кәсіби білім мен салық мәдениетіне тікелей байланысты деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Темір, Дәуір, Тұлға, Әрекеттері. — М.: Наука, 1992. — 112 б.
2. Шеденов Ә.Қ., Жүнісов Б.А. Экономикалық ілімдер тарихы: Оқулық. Алматы: Фолиант, 2006. — 256 б.
3. Қабдиев Д.К. Абай и современность // Экономика и бизнес. — 1996. — № 1.
4. Абай. Қара сөздер. — Алматы: Ғылым, 1990. — 24–26-б.
5. Елеусізов М. Шоқанның экономикалық көзқарасынан // Ақиқат. — 1995. — № 6. — 63–65-б.
6. Сыдықов Ә.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен қызметі. — Алматы: Ғылым, 1969. — 246 б.

С.Д.Муқанова¹, А.З.Уракбаева²

¹Национальная академия образования им. Ы.Алтынсарина;

²Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова

СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И ПРОБЛЕМА ОРГАНИЗАЦИИ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Мақалада экологиялық оқыту ұйымының мәселелері қарастырылады. Экологиялық мәдениеттің жағдаяттылық түсінік көзқарасы берілген. Экологиялық мәдениет адамның экологиялық қызметін жоғары деңгейде іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл адамның табиғатты қабылдауының, табиғатқа деген қарым-қатынасының көрсеткіші болып табылады. Бастауыш мектептен бастап болашақ ұрпақты экологиялық тәрбиелеу және білім беру экологиялық мәдениетті дамытуға жол ашады.

In article are considered problems to organizations of the ecological formation. Circumstantial review of the notion of the ecological culture is Given. The Ecological culture expects the high level of the person to realize ecological activity. Essence of the ecological education is an unbringing the ecological culture, which becomes the important factor to conscious personality and regulator relations person to nature. The Development of the ecological culture growing generations through ecological education possible and formation, as from preschool level.

В условиях развития современного общества и увеличения воздействия на окружающую среду неизбежно возникают проблемы потребительского отношения к природе и природным ресурсам. Экологические проблемы и необходимость их преодоления породили новое направление в образовании — экологическое. Всем необходимо понимать, как человек связан с природой и как зависит от нее, какие в природе существуют закономерности и почему человечество не имеет права их игнорировать.

Экологическая культура является синонимом бытия человека в качестве существа разумного, способного рационально, конструктивно ставить и решать как свои жизненные, так и общественные задачи природопользования, природовосстановления, давать адекватную оценку самому себе, своей экологической деятельности, поведения в природе.

Согласно концепции непрерывного экологического образования экологическая культура — наследуемый и формируемый опыт жизнедеятельности человека в его взаимодействии с окружающей природной средой, способствующий здоровому образу жизни, устойчивому социально-экономическому развитию, экологической безопасности страны и каждого человека.

Устойчивое развитие в глобальной системе «общество–природа» означает соблюдение динамического равновесия в социозкосистемах различного уровня. Как известно, компонентами социозкосистем являются общество (социальные системы) и природная среда (эко- и геосистемы). Динамическое равновесие социозкосистемы предполагает соблюдение определенного отношения между указанными системами в процессе их развития.

Отсюда следует вывод: для непрерывного развития социозкосистем должны сохраниться не только вещественно-энергетический и информационный обмен системы со средой, но и внешние условия, обеспечивающие данный обмен. При ограниченных ресурсах, возможностях нашей планеты, её биосферы для выполнения этого условия необходимо, чтобы со стороны общества поддерживалось и развитие природной среды. Главная идея стратегии устойчивого развития заключается в создании условий и механизмов для взаимоувязанного социально-экономического и экологического развития, в рассмотрении проблем природной среды в единстве с социально-экономическими процессами. В этом случае создаются предпосылки для обеспечения права людей на здоровую и качественную жизнь, сокращения разрыва в уровне жизни народов мира.

Культура как способ адаптации и организации жизнедеятельности людей является важнейшим показателем их отношения друг к другу и к природному окружению. В зависимости от содержания и ориентации она может сближать и отдалять народы. В наше время выживание человечества во многом зависит от становления мировой культуры с общечеловеческими ценностями.

Фундаментом как национального, так и мирового развития должна стать гармония человека с окружающей средой. На смену прежним, ориентированным исключительно на развитие экономики стратегиям должна прийти стратегия, в центре которой находится человек. Современный образ жизни, ценности, сформировавшиеся в эпоху индустриального общества, должны подвергнуться ради-